


ӨНІМ НҰСҚАУЛЫҒЫ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

RT-5100-04

Symphony[®] BoS[™] бас жақтауын
тасымалдау құрылғысы





EC REP	Advena Limited Tower Business Centre, 2nd Flr Tower Street, Swatar, BKR 4013 Malta	 АҚШ-та жасаған өндіруші Qfix 440 Church Rd, Avondale, Pennsylvania, USA +1 610-268-0585 www.Qfix.com
------------------------------	---	---

Qfix®, Symphony® және Fibreplast® – Qfix компаниясының тіркелген сауда белгілері.

Clorox® – The Clorox Company компаниясының тіркелген сауда белгісі.

BoS, IntegraBite және Aquaplast RT – Qfix компаниясының сауда белгілері.

MOLDCARE® – Alcare Co. Ltd компаниясының тіркелген сауда белгісі.

МАЗМҰНЫ

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	4
ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ	4
ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	4
ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР	4
ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАҒДАЙЛАРЫ	4
MPT ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	5
ЭЛЕКТРОНДЫҚ СӘУЛЕЛЕР	6
ҚОСЫМША САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	6
ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ	7
ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ	9
SYMPHONY® ЕМДЕЛУШІНІ ТАСЫМАЛДАУ ЖҮЙЕСІ	10
СИПАТТАМАСЫ	10
SYMPHONY ЖҮЙЕСІНІҢ КОМПОНЕНТТЕРІ	10
SYMPHONY® ТАСЫМАЛДАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫМЕН ТАНЫСУ	11
SYMPHONY® ТАСЫМАЛДАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ	12
АУА КІРІСІ	14
SYMPHONY® ТАСЫМАЛДАУ ТҰТҚАСЫ	15
SYMPHONY® ПОЗИЦИЯЛЫҚ ТАҚТАЙШАСЫ	17
SYMPHONY® BOS™ БАС ЖАҚТАУЫН ТАСЫМАЛДАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ	18
ТАСЫМАЛДАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ҚОЛДАНУҒА ДАЙЫНДАУ	18
ЕМДЕЛУШІНІ ЖАТҚЫЗУ ЖӘНЕ ЖАЙҒАСТЫРУ	18
SYMPHONY ЖҮЙЕСІМЕН ЖЫЛЖЫТУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ	19
ЕМДЕЛУШІНІ ТҮСІРУ	19
КҮННІҢ СОҢЫНДАҒЫ НҰСҚАУЛАР	19
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	20
BOS™ ІСТІГІН АУЫСТЫРУ	20
ЖҮЙЕНІ ТАЗАЛАУ	21
ЖҮЙЕНІ ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ	21
ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ	22
БАПТАУ ПАРАҒЫ	23

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ

⚠ ! ЕСКЕРТУ ! БҰЛ ЖАБДЫҚҚА ЕШҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУГЕ БОЛМАЙДЫ. ЕГЕР ОСЫ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚАНДАЙ ДА БІР БӨЛІГІНЕ АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙҒА СЕБЕП БОЛАТЫН ЖҮК ТҮССЕ, ОЛ ЗАҚЫМДАЛСА НЕМЕСЕ ДҰРЫС ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰРМАСА, ОНЫ ӘРІ ҚАРАЙ ПАЙДАЛАНБАЙ, +1 484-720-6053 НӨМІРІ НЕМЕСЕ TECHSUPPORT@QFIX.COM МЕКЕНЖАЙЫ БОЙЫНША QFIX КОМПАНИЯСЫНА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Symphony® емделушіні тасымалдау жүйесін дәл және қауіпсіз пайдалану үшін жұмыс істеуші персоналдың аурухана жағдайында қажетті тәжірибесі болуы керек.

Symphony жүйесі екі адам басқаратындай етіп жасалған.

Symphony емделушіні тасымалдау жүйесін қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету үшін оны қолданар алдында пайдаланушыны оқыту және оған жүйені қауіпсіз пайдалану туралы нұсқаулар беру ұсынылады.

Емделушіні Symphony емделушіні тасымалдау жүйесіне орналастыру кезінде ешқашан ауа көзін қоспау керек.

! ЕСКЕРТПЕ ! Symphony® емделушіні тасымалдау жүйесіне (P/N 2005112) және Symphony® тасымалдау құрылғыларына қатысты пайдалану нұсқауларын, өнім функцияларын, техникалық сипаттамасын, «ескерту», «назар аударыңыз» мәлімдемелерін, сондай-ақ Symphony® емделушіні тасымалдау жүйесі мен Symphony® тасымалдау құрылғыларын қолдануға қатысты басқа да жалпы сақтық шараларын оларға арналған Өнім нұсқаулығы мен пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР

Елеулі оқыс оқиғалар (мысалы, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкеп соқтыратын немесе әкелуі мүмкін оқиғалар) туралы Qfix компаниясына да, еліңіздің құзыретті органына да хабарлаңыз.

ҚОРШАҒАН ОРТА ЖАҒДАЙЛАРЫ

Жұмыс істеу

- Температура: 10 °C-40 °C (50 °F-104 °F)
- Ылғалдылық: 10%-90% (конденсациясыз)
- Атмосфералық: 700-1060 гПа

Сақтау

- Температура: 0 °C-50 °C (32 °F-122 °F)
- Ылғалдылық: 0%-95%
- Атмосфералық: 700-1060 гПа

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

MPT ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

 Бейклиникалық сынақ **Symphony® BoS™ бас жақтауын тасымалдау құрылғысы** МР ортасында қауіпсіз екенін көрсетті. Бұл құрылғыны МР жүйесімен пайдалануға болады.

 Бейклиникалық сынақ **Symphony емделуші арбасының** МР ортасымен шартты түрде үйлесімді екенін көрсетті. Бұл құрылғыны төмендегі шарттарға сай келетін МР жүйесімен пайдалануға болады:

- **3 Тл немесе одан аз статикалық магнит өрісі.**
- **МР жүйесінің МРТ үстелі емделушіні тасымалдар алдында бекітілуі немесе орнына орнатылуы керек.**
- **Symphony емделуші арбасы сканерлеу алдында МР-томографқа қатысты алғанда 160 мТл (1600 Гс) шегінде жылжытылуы керек. Бөлме конфигурациясындағы магнит өрісінің кеңістіктік градиенті белгісіз болса, сканерлеу алдында арбаны МР бөлмесінен шығарыңыз.**

 Бейклиникалық сынақ **Symphony тасымалдау тұтқаларының** МР ортасымен шартты түрде үйлесімді екенін көрсетті. Бұл құрылғыларды төмендегі талаптарға сай келетін МР жүйесімен пайдалануға болады:

- **3 Тл немесе одан аз статикалық магнит өрісі.**
- **Тасымалдау құрылғысын МР жүйесінің туннеліне кіргізбестен бұрын Symphony тасымалдау құрылғысынан Symphony тасымалдау тұтқаларын шығарып алу керек.**

 **! ЕСКЕРТУ ! ҰСЫНЫЛҒАН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ, СОНДАЙ-АҚ ТЕК SYMPHONY БЕРГЕН АКСЕССУАРЛАР, КОМПОНЕНТТЕР МЕН ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ӨНІМДЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН, ӨНІМДІЛІГІН ЖӘНЕ МРТ ОРТАСЫМЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, СОНДАЙ-АҚ ТИІСТІ КЕПІЛДІКТЕРДІ КҮШІНДЕ САҚТАУ ҮШІН ҚАЖЕТ.**

 **! ЕСКЕРТУ ! МАҚҰЛДАНБАҒАН МР КЕРЕК-ЖАРАҚТАРЫН ПАЙДАЛАНУ САЛДАРЫ МЫНАДАЙ БОЛУЫ МҮМКІН:**

- **Емделушінің жарақат алуы**
- **Емделушінің күйіп қалуы**
- **Жабдықтың зақымдалуы**

Сіздің МР жүйеңіз үшін мақұлданып, сыналған, МР ортасында қауіпсіз және МР ортасымен шартты түрде үйлесімді екені дәлелденген аксессуарларды ғана пайдаланыңыз.

МР жүйеңізде пайдаланбас бұрын, аксессуарлардың МР ортасымен үйлесімділігін қарастырыңыз.

 **! ЕСКЕРТУ ! SYMPHONY ӨНІМДЕРІНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЕШҚАШАН МР ОРТАСЫНДА ОРЫНДАЛМАУЫ КЕРЕК.**

Symphony емделушіні тасымалдау жүйесі (P/N 2005112) мен Symphony тасымалдау құрылғыларының Өнім нұсқаулығы мен пайдалану нұсқаулығынан олардың МР үйлесімділігін қараңыз.

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ СӘУЛЕЛЕР

Symphony емделуші арбасы – басқа электрондық құрылғыларға кедергі келтіруі мүмкін электрондық құрылғы. Егер Symphony құрылғысы басқа электрондық құрылғыларға кедергі келтірсе, арбаны әсер ететін құрылғылардан алыстатыңыз.

ҚОСЫМША САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Емделушіні тасымалдау кезінде ауалы мойынтіректің ауасы шыққан жағдайда Symphony тасымалдау құрылғысының жиегі қысылу нүктесіне айналуы мүмкін. Ауа шығып жатқан кезде бұл аймаққа аяқ-қолыңызды тигізбеңіз.

Қосымша иммобилизация құрылғыларын қолдану кезінде Өнім нұсқаулығы мен пайдаланушы нұсқаулығында сипатталмаған қосымша ұстау аймақтары түзілуі мүмкін.

Symphony зарядтау кабелін қолдану кезінде шалынып қалу қаупі бар. Пайдаланушыларға Symphony емделуші арбасын зарядтау розеткасына мейлінше жақын, ал зарядтау кабелін қабырғадан немесе құрылғыдан ажыратуға кедергі жасамайтындай етіп орналастыру ұсынылады.

Тасымалдау шлангісін қолдану кезінде шалынып қалу қаупі бар. Шалынып қалу және шлангіні іліп алу жағдайлары болмауы үшін шлангіні қолдану кезінде абай болыңыз.

Ауа көзін қолданар алдында ауа шлангісінің тасымалдау құрылғысының ауа кірісіне, сондай-ақ Symphony арбасының тұтқасындағы шлангіні қосу нүктесіне дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.


Біркелкі тасымалдауды қамтамасыз ету үшін емделушіні құрылғыда солдан оңға қарай теңестіріңіз. Қажет болса, тасымалдар алдында емделушіні тасымалдау құрылғысындағы қалпын өзгертіңіз.

Клиникада қолданар алдында, қажет болса, физикалық сипаттарды және емделушінің салыстырмалы орналасу қалпын анықтау үшін барлық тасымалдау құрылғысында визуализацияға қатысты зерттеулер жүргізу ұсынылады.

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ

Таңбалардың тізімі мен олардың анықтамаларын Qfix.com сайтынан қараңыз.



НОМИНАЛДЫ ЖҮКТЕМЕ

BoS тасымалдау құрылғысының максимум қауіпсіз жұмыс жүктемесі – 159 кг (350 фунт). Қабылдау жүйелері мен Symphony® емделушіні тасымалдау жүйесінің (P/N 2005112) максимум қауіпсіз жұмыс жүктемелерін олардың Пайдалану нұсқаулығынан қараңыз және ең төменгі жүктеме көрсеткіштерінен АСЫРМАҢЫЗ.



МР ОРТАСЫНДА ҚАУІПСІЗ

Қандай да бір МР ортасының ықпалына ұшырау нәтижесінде ешқандай қауіп байқалмаған элемент. «МР ортасында қауіпсіз» элементтер электр тогын өткізбейтін, металдан жасалмаған және магнитсіз материалдардан тұрады.



МР ОРТАСЫМЕН ШАРТТЫ ТҮРДЕ ҮЙЛЕСІМДІ

Анықталған жағдайларда МР ортасында қауіпсіз екенін көрсеткен элемент.

«МРТ ортасындағы қауіпсіздік туралы ақпарат» бөлімінде көрсетілген шарттарды қараңыз.



ҚОЛДАНЫЛАТЫН БӨЛШЕК (В ТИПІ)

Бұл таңба В типіне жататын қолданылатын бөлшектерді білдіреді. Бұл бөлшектер емделушімен жанасады.


ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ТАСЫМАЛДАУ ТҰТҚАСЫНЫҢ ИНТЕРФЕЙСІ

Бұл таңбалар Symphony тасымалдау тұтқаларының Symphony тасымалдау құрылғысына орнатылатын жерлерін білдіреді.

ПОЗИЦИЯЛЫҚ ТАҚТАЙШАНЫ ТУРАЛАУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛАР

Бұл таңбалар тасымалдау кезінде қабылдау жүйесіне орнатылған Symphony позициялық тақтайшаларына Symphony® тасымалдау құрылғысын бағыттау мен туралау үшін пайдаланылады.



ЕСКЕРТУ

Symphony® BoS тасымалдау құрылғысын үстел бетінің шетінен шығарып, консольдегі қызғылт сары сызықтан асырып тартуға БОЛМАЙДЫ. Мұндай жағдайда емделуші немесе қызметкер жарақат алуы мүмкін.

Құрылғыны консольде жылжытқан кезде, Symphony позициялық тақтайшаларын пайдалану қажет.

ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ

Qfix® Symphony® BoS тасымалдау құрылғысы МРТ-ны қоса алғанда, бас пен мойынды визуализациялау процедуралары кезінде емделушіні сүйеп тұруға, жайғастыруға және тасымалдауға көмектеседі; сондай-ақ электрондармен, фотондармен немесе протондармен сыртқы сәулелік терапия жасауға және емделушіні тасымалдау қажет болатын басқа да жалпы процедураларды орындауға арналған. Symphony BoS тасымалдау құрылғысы тақтай төсектер, қондырмалар, термопластик маскалар мен жайғастыру төсемдері сияқты басқа да жайғастыру құрылғыларымен өзара жұмыс істеуге арналған. Бұл құрылғы емделушіге бас және мойын терапиясы үшін құрылғыға жайғасып, дайындалуға мүмкіндік береді.

! ЕСКЕРТПЕ ! АҚШ федералдық заңына сәйкес, бұл құрылғыны тек дәрігерге немесе оның тапсырысы бойынша сатуға рұқсат етіледі.

МАҚСАТТЫ ЕМДЕЛУШІ ТОПТАРЫ

Рентгенотерапиядан, диагностикалық визуализация процедураларынан немесе емделушіні тасымалдаумен байланысты басқа да процедуралардан өтіп жатқан емделушілер.

МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУШЫЛАР


Өнімнің мақсатты пайдаланушысы – аймақтың нормативтік талаптарына сәйкес білікті тұлға.

SYMPHONY® ЕМДЕЛУШІНІ ТАСЫМАЛДАУ ЖҮЙЕСІ

СИПАТТАМАСЫ

Qfix Symphony емделушіні тасымалдау жүйесі (Symphony) жұмыс тиімділігі мен өткізу қабілетін барынша арттыруға арналған. Symphony – сырғытпа жүйесінен және қолдануға оңай өзара ауыстырмалы емделушіні тасымалдау құрылғыларынан тұратын біртұтас көлік жүйесі. Symphony тасымалдау құрылғысында емделушіні жайғастырып, қозғалтпай ұстауға болады, ал бұл пайдаланушыларға емделушілерді әртүрлі визуализация жабдықтары мен емдеу жүйелеріне кедергісіз тасымалдауға мүмкіндік береді.

SYMPHONY ЖҮЙЕСІНІҢ КОМПОНЕНТТЕРІ



1-сурет


1. Symphony емделуші арбасы

Автономды Symphony емделуші арбасы кіріктірілген ауа көзінен, екі батареядан және биіктігі реттелетін электрондық тіректерден тұрады. Бірегей дизайн емделушіні тасымалдау кезінде емделуші мен пайдаланушының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

2. Symphony тасымалдау құрылғылары

Symphony емделуші арбасы әртүрлі Symphony тасымалдау құрылғыларымен жұмыс істеуге арналған. Пайдаланғыңыз келетін тасымалдау құрылғысына қатысты ақпаратты Өнім нұсқаулығы мен пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз. Symphony BoS тасымалдау құрылғысы жоғарыда сипатталған.


SYMPHONY® ТАСЫМАЛДАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫМЕН ТАНЫСУ



2-сурет

1. **Symphony BoS тасымалдау құрылғысы**
2. **Ауалы мойынтірек**
 - (A) Ілмек пен ілгек қондырмасы
 - (B) Тасымалдау құрылғысының қосылымы
3. **Ауа кірісі**
4. **Symphony тасымалдау тұтқасы (аксессуар)**
5. **Symphony позициялық тақтайшасы (аксессуар)**

SYMPHONY® ТАСЫМАЛДАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ



3-сурет

1. Тасымалдау тұтқасының орналасқан жерлері

Бұл қалталар құрылғыға бекітілген кезде Symphony тасымалдау тұтқасының қабылдағыштары қызметін атқарады.

2. Лазерді туралау бағыттағыштары


Тасымалдау құрылғысының беткі жағындағы мұндай белгілерді құрылғыны баптау кезінде бөлме лазерлерімен емделушіні туралау үшін пайдалануға болады.

3. Symphony позициялық тақтайшасын туралау

Бұл маркерлер құрылғының екі жағында орналасқан және құрылғыны Symphony позициялық тақтайшаның туралау нүктелеріне бағыттауға көмектеседі. (4-сурет)


SYMPHONY® ТАСЫМАЛДАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫМЕН ТАНЫСУ

SYMPHONY® ТАСЫМАЛДАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ



4-сурет

АУА КІРІСІ




5-сурет

1. Шығарғыш

Шығарғыш тасымалдау құрылғысындағы ауа кірісінен құрылғы шлангісін ажырату үшін пайдаланылады. Тасымалдау құрылғысының шлангісін шығару үшін шығарғышты басып, шлангіні жоғары тартыңыз. (6-сурет)


2. Корпус

Ауа кірісі ауалы мойынтірекке ластағыш заттардың кіруіне жол бермейтін қақпақпен жабдықталған. Тасымалдау құрылғысының шлангісін салу үшін қақпақты көтеріп, ауа кірісін ашыңыз. Шлангіні ауа кірісіне итеріңіз.



6-сурет

SYMPHONY® ТАСЫМАЛДАУ ТҰТҚАСЫ



7-сурет

1. Symphony тасымалдау тұтқасының бекіткіштері

Symphony тасымалдау құрылғысына бекіту үшін Symphony тасымалдау тұтқасында екі бекіткіш қолданылады.

2. Шығарғыштар

Шығарғыштар Symphony тасымалдау құрылғысын қолданғаннан кейін одан Symphony тасымалдау тұтқасын ажырату үшін пайдаланылады.

SYMPHONY® ТАСЫМАЛДАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫМЕН ТАНЫСУ


SYMPHONY® ТАСЫМАЛДАУ ТҰТҚАСЫ

Бекіту үшін


Symphony тасымалдау тұтқасының құлыптарын құрылғыдағы қабылдағыштармен сәйкестендіріңіз да, «сырт» еткен дыбыс естілгенше сырғытыңыз. Емделушіні тасымалдар алдында әр тасымалдау тұтқасындағы қос бұғаттағыштың мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз. (8-сурет)

Ажырату үшін

Екі қызыл шығарғыштың төменгі бөлігін қысып тұрып, тасымалдау құрылғысынан тасымалдау тұтқасын сыртқа тартыңыз. (9-сурет)




8-сурет – бекіту



9-сурет – ажырату

SYMPHONY® ПОЗИЦИЯЛЫҚ ТАҚТАЙШАСЫ



10-сурет

1. Туралау нүктесі

Туралау нүктелері тасымалдау соңында Symphony тасымалдау құрылғысын тоқтату үшін, сондай-ақ оны бекіту мақсатында туралау үшін пайдаланылады.

2. Бекіту істігі

Бекіту істіктері тасымалдау аяқталғаннан кейін Symphony тасымалдау құрылғысын қабылдау жүйесіне бекітуге арналған.

3. Құлыптау иінтірегі

Құлыптау иінтірегі Symphony позициялық тақтайшасын Қабылдау жүйесіне бұғаттау үшін қолданылады.

Бекіту үшін

Symphony позициялық тақтайшаларын Қабылдау жүйесіндегі тиісті ойықтарға орналастырыңыз, содан кейін позициялық тақтайшаны орнына бекіту үшін тұтқаны сағат тілі бағытында бұрау арқылы құлыптау иінтірегін қатайтыңыз.

Ажырату үшін

Тұтқаны сағат тіліне қарсы бағытта бұрау арқылы құлыптау иінтірегін босатыңыз да, Қабылдау жүйесінен Symphony позициялық тақтайшасын шығарып алыңыз.

SYMPHONY® BOS™ БАС ЖАҚТАУЫН ТАСЫМАЛДАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ

ТАСЫМАЛДАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ҚОЛДАНУҒА ДАЙЫНДАУ

Қолданар алдында тасымалдау құрылғысының, соның ішінде ауалы мойынтіректің зақымдалмағанын тексеріңіз. Symphony тасымалдау құрылғысын Symphony емделуші арбасына қойыңыз.

Symphony тасымалдау тұтқаларының тасымалдау құрылғысына бекітілгенін тексеріңіз.

⚠ ! ЕСКЕРТУ ! ТАСЫМАЛДАУ ТҰТҚАЛАРЫ МР ОРТАСЫМЕН ШАРТТЫ ТҮРДЕ ҮЙЛЕСІМДІ. ОЛАРДЫ ТЕК 3 ТЛ НЕМЕСЕ ОДАН ТӨМЕН СТАТИКАЛЫҚ МАГНИТ ӨРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ ЖӘНЕ МР ЖҮЙЕСІНІҢ ТУННЕЛІНЕ ҚОЙМАҢЫЗ. «МРТ ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ АҚПАРАТ» БӨЛІМІН ҚАРАҢЫЗ.

ЕМДЕЛУШІНІ ЖАТҚЫЗУ ЖӘНЕ ЖАЙҒАСТЫРУ

Тасымалдау құрылғысының шлангісін Symphony тасымалдау құрылғысына орнатыңыз.

Жатқызылатын жағынан тасымалдау тұтқасын алыңыз, сонда емделушіні жатқызған оңайырақ болады.

BoS көбікті материалдан жасалған бас/мойын тіреуішін құрылғының мойын аймағына қойыңыз.

- Көбікті материалдан жасалған бас/мойын тіреуішінің орнына MOLDCARE® құралын қолдануға болады. Qfix компаниясы BoS бас жақтауымен RT-4492U жүйесін пайдалануды ұсынады (MOLDCARE® пайдалану нұсқаулығын қараңыз).
- Емделушінің жайлылық деңгейін арттыру үшін көбікті шілтер (RT-4485) қолданылуы мүмкін.

Қажет болса, арбаны жарамды биіктікке түсіріңіз. Емделушіні тасымалдау құрылғысының ортасына дәлдеп отырғызыңыз.

Емделушінің аяқтарын тасымалдау құрылғысына көтеріп, бұрыңыз, содан кейін емделушінің басы мен мойыны көбікті жастықшаға немесе MOLDCARE® құралына ыңғайлы тұрғанша оны ақырындап артқа жатқызыңыз. Емделушіні нақты емдеу түрі үшін қажетінше туралаңыз; осы Өнім нұсқаулығы мен пайдаланушы нұсқаулығының соңында берілген емделушіні туралау кестесіне тиісті жайғастыру деректерін жазыңыз.

Симуляциялау алдында емделушіге Aquaplast RT™ немесе Fibreplast® маскасын жасаңыз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Aquaplast RT™ және Fibreplast® термопластиктері мен IntegraBite™ (P/N 2002890) құрылғыларына қатысты пайдалану нұсқауларын, өнім функцияларын, техникалық сипаттамасын, «ескерту», «назар аударыңыз» мәлімдемелерін, сондай-ақ Aquaplast RT және Fibreplast термопластиктерін қолдануға қатысты басқа да жалпы сақтық шараларын осы құрылғыларға арналған Өнім нұсқаулығы мен пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

Емдеу үшін алдын ала дайындалған масканы емделушіге кигізіп, BoS жүйесіне бекітіңіз.

Symphony тасымалдау тұтқасын қайта бекітіп, бүйір жақтауларды көтеріңіз.

SYMPHONY® BOS™ БАС ЖАҚТАУЫН ТАСЫМАЛДАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ

SYMPHONY ЖҮЙЕСІМЕН ЖЫЛЖЫТУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ

Емделушілерді жылжыту және тасымалдау бойынша нұсқауларды Symphony емделушіні тасымалдау жүйесінің Өнім нұсқаулығы мен пайдаланушы нұсқаулығынан (P/N 2005112) қараңыз.

ЕМДЕЛУШІНІ ТҮСІРУ

Термопластик масканы шешіңіз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Aquaplast RT™ және Fibreplast® термопластиктері мен IntegraBite™ (P/N 200890) құрылғыларына қатысты пайдалану нұсқауларын, өнім функцияларын, техникалық сипаттамасын, «ескерту», «назар аударыңыз» мәлімдемелерін, сондай-ақ Aquaplast RT және Fibreplast термопластиктерін қолдануға қатысты басқа да жалпы сақтық шараларын осы құрылғыларға арналған Өнім нұсқаулығы мен пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

Тасымалдау құрылғысынан Symphony тасымалдау тұтқаларын алыңыз.

Қажет болса, арбаны жарамды биіктікке түсіріңіз. Емделушінің Symphony емделуші арбасынан түсуіне көмектесіңіз.

КҮННІҢ СОҢЫНДАҒЫ НҰСҚАУЛАР

Symphony тасымалдау тұтқалары орнатылғанын және тасымалдау құрылғысынан барлық басқа аксессуарлардың алынғанын тексеріңіз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

BOS™ ІСТІГІН АУЫСТЫРУ

1. Тесік арқылы бұранда басы ішкі бетте болатындай етіп (1) M3 PHS бөлшегін салыңыз. Бұранда басын саусақ ұшымен орнында ұстаңыз. (11-сурет).

2. (1) BoS істігін бұранданың шығыңқы ұшына бірнеше айналыммен бұраңыз. (12-сурет).

! ЕСКЕРТПЕ ! ҚАТАЙТЫП БҰРАМАҢЫЗ. Жинақтағы істік тесікте бос болуы керек. (13-сурет).

3. Тістеуікпен BoS істігін тегіс жағынан ұстаңыз. (14-сурет).


4. Жинақты саңылауға мұқият туралап, істік мойнын саңылауға күшпен кіргізіңіз. (15-сурет).

! ЕСКЕРТПЕ ! Шамадан тыс күш салу немесе тураланбау салдарынан істік мойны зақымдалуы мүмкін, ал бұл істіктің дұрыс салынбауына себеп болады.


5. Бұранданы $\frac{1}{8}$ дюймдік оймакілтекті бұрағышпен тірелгенше қатайтыңыз. (16-сурет).

⚠ ! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ ! ШАМАДАН ТЫС ҚАТАЙТЫП БҰРАМАҢЫЗ, МҰНДАЙДА ІСТІКТІ КЕЙІННЕН АУЫСТЫРУ ҚИЫНҒА СОҒУЫ МҰМКІН.


Істікті алу үшін алдыңғы қадамдарды кері ретпен орындаңыз.




11-сурет




12-сурет




13-сурет



14-сурет



15-сурет



16-сурет

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ЖҮЙЕНІ ТАЗАЛАУ

Symphony® емделуші арбасын, тасымалдау құрылғылары мен аксессуарларын жұмсақ, сызат түсірмейтін тазалау немесе зарарсыздандыру ерітіндісімен тазалауға болады. Тазалау үшін ерітіндіні таза шүберекке жағып, сыртқы беттерді сүртіңіз.

ЖҮЙЕНІ ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ

Төмендегі тазалау материалдарына сынақ жүргізіліп, Symphony емделушіні тасымалдау жүйесін тазалауға жарамды деп танылды:

- Су
- 10% Clorox® ағартқыш ерітіндісі
- Изопропил спирті
- Сабын мен су

Symphony емделушіні тасымалдау жүйесін зарарсыздандыру үшін тазалағыш ерітінді өндірушісінің арнайы нұсқауларын қараңыз. Qfix компаниясы құрылғыны тазалау ерітіндісі бүркілген таза матамен тазалауды ұсынады.

Ауалы мойынтірек дұрыс жұмыс істеуі үшін, тазалағаннан кейін дақтар қалмағанына көз жеткізіңіз. Қажет болған жағдайда сумен соңғы тазалау қадамын орындаңыз. Келесі қолданар алдында ауалы мойынтіректің құрғауын күтіңіз.




! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ ! SYMPHONY ЕМДЕЛУШІ АРБАСЫНА, ӨСІРЕСЕ АРБА ТАБАНЫНА НЕМЕСЕ SYMPHONY ТАСЫМАЛДАУ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫНА ЕНГЕН СҰЙЫҚТЫҚТАР ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНА КЕДЕРГІ КЕЛТІРУІ МҮМКІН. СҰЙЫҚТЫҚТЫ SYMPHONY ЕМДЕЛУШІ АРБАСЫНА НЕМЕСЕ ТАСЫМАЛДАУ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫНА ТІКЕЛЕЙ ШАШУҒА ЖӘНЕ СҰЙЫҚТЫҚТЫҢ АРБА ТАБАНЫНА АҒУЫНА ЖОЛ БЕРУГЕ БОЛМАЙДЫ.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

САЛМАҒЫ

6 кг (12,5 фунт)



БАПТАУ ПАРАҒЫ

RT-5100-04 SYMPHONY® BOS™ БАС ЖАҚТАУЫН ТАСЫМАЛДАУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ

Емделушінің аты-жөні:


Емделушінің идентификатор №:

Орнатушы:

Дәрігер:

Күні:

Түсініктемелер:



Ескертпелер:



440 Church Road
Avondale, PA 19311 USA
www.Qfix.com

+1 484.720.6053

+1 610.268.0588 / 800.831.8174

sales@Qfix.com

2007614_KK_A
2023-07